



ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет


БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МЕДИЦИНА САУАТТЫ МАМАНДАРҒА ЗӘРУ



Дәл қазіргі таңда елімізде төрт мыңнан астам дәрігер жетіспейді екен. Еуропа елдерінде де осы мәселе алға шығыпты. Дәрігер мамандығының әлемде қат мамандық екенін коронавирус індеті қатты байқатты. Бұл осы салаға мамандандыратын жоғары оқу орындарының алдына жаңа мақсат қойғандай. Ендеше, біздің мемлекет бұл проблемаға қаншалықты көңіл бөліп, жаңа кадрлар даярлау ісінде қандай қаракеттерге барып отыр? Елде дәрігерлер жетіспесе жаңа салынған ауруханалардан, қойма толы дәрі-дәрмектен қайран бар ма?!

(Соңы 3-бетте)



КӨШЕ АТАУЛАРЫН ӘЛІ БІРІЗГЕ ТҮСІРЕ АЛМАЙ ОТЫРМЫЗ

3 бет



«ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ!»

6 бет



СЕБЕПСІЗ НӨРСЕ БОЛМАЙДЫ

8 бет

БАЗЫНА

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

ДОҒАРЫСТАҒЫ СУДЬЯЛАР ЗЕЙНЕТАҚЫЛАРЫНЫҢ ТАҒАЙЫНДАЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ НАРАЗЫ

2020 жылдың қазан айының аяғында онлайн режимінде қазақстан республикасының судьяларының VIII съезі өтті. онда талқыланған ең негізгі мәселе азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін арттыру болды. съезд қарсаңында «ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА» БАСЫЛЫМЫНДА «ЖОҒАРҒЫ СОТТЫҢ ДОҒАРЫСТАҒЫ СУДЬЯЛАРЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ТӨРАҒАСЫ О.ҚОЖАБАЕВТЫҢ СОТ ЖҮЙЕСІНЕ ДЕГЕН СЕНІМСІЗДІКТІҢ СЕБЕПТЕРІ, СУДЬЯ ЛАУАЗЫМЫНА КАДР ІРІКТЕУ БАРЫСЫНДА ЖІБЕРІЛГЕН КЕМШІЛІКТІ, СОТ ТӨРЕЛІГІН ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА ӘДІЛДІК ПЕН ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ «ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН ӘДІЛДІКТІҢ ЖОЛЫ БІР» АТТЫ МАҚАЛАСЫ ЖАРЫҚ КӨРГЕН ЕДІ.

2020 жылдың 31 қазанында О. Қожабаев республикалық «Литер» газетінің тілшісі Нұрғали Әбілдаевқа берген көлемді сұхбатында да тұтастай сот жүйесі үшін өзекті болып табылатын

судьялардың түбегейлі тәуелсіздігін қамтамасыз ету жолдары туралы мәселені қозғапты. Расында да, судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етудің басты факторы – судьяларды жұмыс істеп жүрген

кезінде ғана емес, осы лауазымда доғарысқа шыққаннан кейін де материалдық тұрғыда қамтамасыз ету. Доғарысқа шыққан судьяларға зейнетақы тағайындау 109 айлық есептік көрсеткішпен шектелді. Бұл шектеудің, әсіресе, Жоғарғы Соттың доғарыстағы судьяларына зардабы зор болды. Жұмыс істеп жүрген судьялардың жалақысымен арадағы айырмашылық 80 пайызға жуық. Ал кезінде Кеңес Одағының құрамында болған басқа елдердегі судьялар судья жалақысының 80-90 пайызы көлемінде зейнетақы алып отыр. Аудандық және қалалық судьялардың жалақысы 109 айлық есептік көрсеткіштен сәл ғана жоғары деңгейде.

(Соңы 2-бетте)

Ержан ЕЛШІБАЕВ,
«Проблемалық кредиттер қоры»
АҚ басқарма төрағасы:

«Біздің қордың ел экономикасына тигізер пайдасы зор»



Бәзбіреулер бұл мекемені «Проблемалық несиелер қоры» деп атауын қате айтса, енді бірі «атышулы» коллекторлық ұйымдармен шатастырып жатады. Ал, шын мәнінде Проблемалық кредиттер қоры АҚ қандай мекеме, оны құру барысында көзделген негізгі мақсаты мен алғышарттары қандай, – деген сияқты санамызда жүрген көкейкесті сауалдарға жауап іздемекке аталмыш Қордың басқарма төрағасымен сұхбаттасқан едік.

(Соңы 5-бетте)

ДӘРІГЕРЛЕР САНЫН КӨБЕЙТУДІҢ ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ?

О Белгібай ШАХМЕТОВ, медицина ғылымының докторы, профессор:
– Пандемиялық жағдай басталғанға дейін елімізде дәрігер тапшылығы мәселесі талай рет айтылып келе жатқан еді. Жылына мыңдаған дәрігер дайындап жатқанымызбен еліміздегі маман-дәрігерлердің жалақысы төмен, жұмысы ауыр болғандықтан көп жағдайда шекара асып кетіп жатады. Өйткені шетелде ең ауқатты тұратын мамандар дәрігерлер. Ал бізде кеше қиын жағдайда айлап үй бетін көрмей, науқастардың өмірі үшін жанталасқан дәрігерлердің өзін алап, сыйақыларын кешіктіріп, у-шу қылып жүріп әзер төледі. Мұндай қарым-қатынастан соң кімде болсын жан тыныштығын басқа жақтан іздейді.
Енді елімізде жұмыс кезінде коронавирус жұқтырған дәрігерлерге өтемақы төленбейтіні айтылуда. Тек қауіпті аймақта жүретіні ескеріледі. Яғни дәрігерлер қауіпті аймақта жүргені үшін ғана өтемақы ала алады. Бұл бір жағынан дұрыс болғанымен, ауыра қалған жағдайда қоғамның қамқорлығын сезіне алмаған соң, олар басын қатерге тіге қоя ма? Мәселе осында.

Статистика елімізде мыңдаған дәрігер жетіспеушілігін көрсетіп отыр. Ал елімізде вирусқа шалдығушылар саны күн санап артып барады. Маман тапшылығы вирус пен күреске әсер ете ме? Дәрігер жетіспеушілігі мәселесін қалай шешуге болады?

Жанұзақ ӘКІМ, экономист:
– Елімізде кадрлардың тұрақтамауының негізгі себептерінің бірі – сыртқы көші-қон. Яғни, медициналық кадрлардың елімізден көптеп кетуі. Бүгінгі таңда Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарында медицина кадрларының шетел асуы көптеп байқалады. Демек осы өңірлерге дәрігерлермен дұрыс қарым-қатынас, дұрыс әлеуметтік жағдай, қоғам сұранысын сездірте алатындай жұмыстар жүргізілуі керек.
Дәрігер жетіспеушілігі бар жерде ұлттың өмір сүру жасын ұзартамыз, ұлт саулығын жақсартамыз деп айта алмаймыз. Мәселен қазір жергілікті емхана бойынша медициналық тегін көмек алайын десең маман кезегін бір ай күтесің. Ал ол уақыт аралығында ауру күтіп тұрмай, асқынып кетеді ғой. Мұндай жағдайда ұлт саулығын жақсартып жатырмыз, орташа өмір сүру жасын ұзартып жатырмыз деген құрғақ статистикадан не пайда? Дәрігерлер қазір мемлекеттік емханада бір мезгіл ғана отырады. Еңбек өтілі үшін немесе мемлекеттік мекемеде жұмыс істейді деген аты үшін ғана. Ал қалған уақытында жекеменшік емханаларда қызмет етеді.

(Соңы 3-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КӨЗҚАРАС

МЕДИЦИНА САУАТТЫ МАМАНДАРҒА ЗӘРУ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жазда біздің елімізде де вирус кең тарап кеткен кезде, ауруханаларда дәрігер жетпей, қарапайым өкпені желдететін медициналық қондырғыны ауыстырып тұру ісінде еріктілерге күніміз еріксіз түсті.

Тіпті шарасыз министрдің шілдеде ауылдық жерлерде науқастарға мал дәрігерлерін де көмекке тарту туралы бастамасы қазір езуімізге күлкі үйіргенімен, сол сәттерде аса қажет шешімдердің біріндей көрінген. Шындығында Цойдың мал дәрігерлеріне күніміз түсетінін меңзеуі бекер емес, республика халқының 46 пайызы ауылда тұрса да әлі күнге ауыл түгілі үлкен қалаларда дәрігер маманы жетіспей жатыр. Тіпті жыл сайын мыңдаған дәрігер елімізді тастап, шекара асады екен. Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық денсаулық сақтауды дамыту орталығының бас директоры Қанат Төсекбаевтың мәлімдеуінше, 2017–2019 жылдар аралығында 3499 медицина қызметкері көшіп кеткен. Нақтырақ айтар болсақ, 2017 жылы 1062 дәрігер елден кетсе, 2018 жылы – 1225, ал 2019 жылы – 1212 маман елден көшкен. «Арқа жылы болса, арқар ауып несі бар» демекші бұл деректер елде дәрігерлерге қажетті деңгейде жағдай жасалмай отырғанын көрсетеді. Қ. Төсекбаев мыр-



заның сөзіне қарағанда «Қазіргі уақытта медицина кадрларының тапшылығы 4112 бірлікті құрайды. Ең үлкен тапшылық келесі мамандықтар бойынша байқалады: анестезиолог-реаниматологтар (393 бірлік); терапевтер (346,75 бірлік); ЖТД (319,5 бірлік); зертханалық дәрігерлер (226 бірлік); психиатрлар (213 бірлік); акушер-гинекологтар (203,5 бірлік); педиатрлар (202,75 бірлік); жұқпалы аурулар бойынша мамандар (121,5 бірлік); эпидемиологтар (102,5 бірлік); неонатологтар (85,25 бірлік). Ал медбикелерге арналған тапшылық – 8583 бірлікті құрайды екен. Расында да тұрғылықты жері бойынша тіркелген емханалардың қай қайсысына болмасын белгілі бір маман қабылдауына жазылар болсаң, кейбіріне кезекті бір апта, енді біріне бір-екі ай күтесің. Мәселен жаңа туған баланы 3-4 айдан соң невропатолог маманға көрсетуге аналар міндетті. Бірақ тіркелген емханасында көп жағдайда бірнеше ай күту керек болғандықтан немесе мүлдем невропатолог маманы жоқ болғандықтан, амал жоқ аналар ақылы невропатолог қызметіне жүгінеді.

Онсыз да елімізде маман жетіспей жатқанда 3500-ге жуық дәрігер елді тастап көшсе, пандемия кезінде вирус жұғып қаншама тәжірибелі дәрігерлеріміз қайтыс болды. Тіпті сыйақының өзін алалап, сан түрлі талап қойып, коронавируспен ауырған дәрігерлерге бермеуге тырысқан жағдайлар да көп. Қыркүйек айының басында бас мемлекеттік санитар дәрігер Айжан Есмағамбетова «Пандемиядан бері Қазақстанда 18 дәрігердің өлімі тіркелді. Дегенмен, олардың бәрі тікелей коронавируспен ауырғандарға көмек көрсеткен дәрігерлер емес», – деді. Ал шілде айында тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің төрағасы Тимур Сұлтанғазиев: «Біздің санақ бойынша өкінішке орай 51 әріптесіміз көз жұмды. Олардың жақындарына қайғырып көңіл айтамыз. Өтемақыға қатысты еңбек министрлігі мен денсаулық сақтау министрлігінің талаптарына сәйкес, арнайы комиссия тексеру жүргізіп, нәтижесінде өтемақы тағайындалады», – деген еді. Қатаң тексеруден соң статистикада айтарлықтай өзгеріс бары байқалады. Ал жалпы елімізде бүкіл ауырған адамдардың 11,5%-ын дәрігерлер құраған. КВИ жұқтырған 1,3 мыңнан астам дәрігер 2 млн теңгеден өтемақы алған. Төлемақы төлеу кезінде талай дәрігер сыйақыдан қағылып, шырылдап журналистерден көмек сұрағаны да жасырын емес. Әрине сыйақы, өтемақы төлеуде қатаң тексеріс керек шығар, бірақ алдағы болатын вирустың кезекті толқынында жанымызға араша түсер маман таппай қалмасақ болғаны.

Ал енді елімізде жұмыс кезінде коронавирус жұқтырған дәрігерлерге өтемақы төленбейтіні белгілі болды. Осындай кезеңде оларды ынталандырып отырмасақ, қатерге басын тігетін маман таба аламыз ба?! Өйткені Еуропаның есін алып жатқан вирус саны біздің елімізде де қайтадан көбейіп келеді. 7 қараша күні 613 адамда коронавирус індеті ПТР арқылы расталса. 8 қараша күні коронавирус инфекциясын жұқтырудың 723 жаңа жағдайы тіркелген. Күн сайын артып келе жатқан статистика тағы да дәрігерлердің жұмысының көбейетінін аңғартады.

Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

СІЗ ТҰРАТЫН ҚАЛАДА КӨПШІЛІККЕ БЕЙМӘЛІМ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ САТЫНДА КӨШЕ БАР МА? ОЛ КӨШЕЛЕРДІҢ АТАУЫН ЖИІ ЕСТІГЕНІҢІЗБЕН ОЛАРДЫҢ КІМНІҢ АТЫНДА ЕКЕНІН БІЛЕ БЕРМЕУІҢІЗ МҮМКІН. АЛМАТЫДА ДА ОСЫНДАЙ КӨШЕЛЕР БАР. МӘСЕЛЕН, ШОЛОМ-АЛЕЙХЕМ, РУДЗУТАК, БИЯНХУ.



кейіпкерлерінің құрметіне қойылған көше атаулары да бар. Сондай-ақ қазақ халқына, қала тарихына мүлде қатысы жоқ әлемдік тұлғалар мен өзге мемлекеттің көрнекті азаматтары есімімен аталатын және тағы басқа сипаттағы көше атаулары да бар.

Көше атының өзгеріске ұшырауы сонда орналасқан барлық мекемелер мен заңды және жеке тұлғалардың құжаттарындағы мекен-жайларын, көше атаулары жазылған маңдайшаларды ауыстыруды талап етеді. Бұлай жасамау, әрине пошта, құтқару, салық жинау, тіркеуге алу қызметтеріне де кедергі туғызады.

Бір қызығы елімізде ономастикалық дау-дамайдан алшақ жүретін Ақтау қаласы бар. Онда көше атаулары жоқ. Бәрі де нөмірмен белгіленген. Мысалы, нөмірі бірінші шағын аудан, нөмірі төртінші үй тәрізді. Дәл осындай атаусыз, кісі атымен аталмайтын көшелер АҚШ елінде де көп екен. Бұл бір жағынан дұрыс бағыт па деп ойланп та қаласың. Себебі, ұраншыл, саясатшыл, тіпті «атасының есімін ауылға, көкесінің

КӨШЕ АТАУЛАРЫН ӘЛІ БІРІЗГЕ ТҮСІРЕ АЛМАЙ ОТЫРМЫЗ

Аталған Мұхаммед Аюб Биянху – Қытайдағы Цин билеушілерінің қысымына қарсы шыққан мұсылмандар көтерілісі қолбасшыларының бірі. Шолом-Алейхем – драматург, идиш тіліндегі көркем әдебиетті қалыптастырушылардың бірі, балалар жазушысы. Ал 1887 жылы дүниеге келген Ян Рудзутак – революционер, мемлекет қайраткері, партия және кәсіподақ белсендісі болған. Биянху атындағы көше Алматының Алатау ауданында, Рысқұлов көшесінен төменгі секторда орналасса, Шолом-Алейхемнің атына берілген көше Бостандық ауданында, Тимирязевтен жоғарыда Шашкин мен Марков

көшелеріне параллель жатыр. Мұны неге жазып отыр деменіз. Өйткені қызыл империяның қызыл бояуымен аты өзгерген қазақтың жер-су, көше атауларын қайтадан бұрынғы қазақы қалпына келтіру, тарихи-географиялық атауымен қайта атау – басты мәселелердің бірі.

Бұл – мегаполис саналатын Алматы қаласына да тән. Ашық дереккезге сүйенсек, Алматы қаласында 1000-ға жуық көше бар екен. Олардың ішінде қазақ халқының біртуар азаматтары атындағы көшелер, тамыры қазақ халқымен сабақтас қыпшақ, түркі әлемінің көрнекті тұлғалары, жыр-эпостық шығармалар, ертегі, аңыз

есімін көшеге» берген атаулардан құтылар едік. Әрине, нәтиже жоқ емес, бар. Соңғы екі-үш жылдың ішінде Ленин есімімен аталатын 30 көше, Советов атауымен аталатын 15 көше, Октябрь, Целина, Комсомольская атауымен аталған қырықшақты көше алмастырылған екен. Демек, өткенімізді екшеп, бүгінгімізді зерделеп, атауы өзгерген сүйікті қаламыздың көшелерін лайықты тұлғалар атымен атауға атсалысуымыз керек. Ал, сіз, қандай көшеде тұрасыз?

Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»



Айжан МОЛДАҒАЛИЕВА,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Құқықтық жұмыстар басқармасының бас маманы, заңгер:

– Шығыстың ұлы ойшылы Конфуций осыдан 2000 жыл бұрын мемлекеттегі істерді оң жолға қоюды атауларын дұрыстаудан бастау керектігі туралы: «Егер атаулар дұрыс болмаса, сөздердің негізі болмайды. Сөздердің негізі болмаған кезде іс те жүрмейді және халық не істерін білмейді», деген. Бір ғана Алматы қаласының өзінде түсініксіз Шолом-Алейхем, Рудзутак есімімен аталатын көше атаулары, қатпаған қатерге толы жарнамалар, Кеңес одағынан қалған ескі атауларды көптеп кездестіруге болады. Әрине, мұндай сауатсыздық, немқұрайлықты тәуелсіз елдің елдігіне сын.

Елімізде көше атауларын беруде бірнеше нормативтік құқықтық актілер басымызға алынады. Атап айтсақ, «Тіл туралы» заңы «Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заң, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне (көшелерге) атау беру, объектілерге атау беру, жалпы атаулардың транскрипциясын нақтылау, өзгерту және қайта атау туралы ҚР Үкіметінің қаулылары негізінде жүзеге асырылады. Көшелерге атау берудің өзіндік тәртібі бар. Алдымен, көшеге атау беру тұрғылықты халықтың немесе өзге де тұлғалардан әкімдікке келіп түскен өтініштердің негізінде қаралады. Атау берілетін көше толық абаттандырылып, сәулет және қала құрылысы басқармасынан әкімдікке рұқсат ету құжаттары берілуі тиіс. Рұқсат ету құжаттары берілгеннен кейін, Алматы қаласы әкімдігі жанынан құрылған 15 адамнан тұратын құрамына ғалымдар, тарихшылар мен саясаткерлер енген арнайы Ономастикалық комиссияның қарауына жіберіледі. Комиссияның қорытындысы және тұрғылықты халықтың пікірлері ескеріле келе, көшеге атау беру жөнінде қала әкімі шешім қабылдайды. Осы шешім мемлекет негізінде әділет органдарында тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ономастикалық комиссия жобалық көшелерге атау бергенде елімізге немесе әлемдік қоғамдастық алдында еңбек сіңірген тұлғалардың есімдерін, тарихи жер-су атаулары мен ұлттық таныма жақын дәстүрлі атауларды таңдайды. Көше атауы тұлғаның өмірден өткеніне 5 жыл болған соң беріледі. Сондай-ақ, тұлғаның атындағы көше облыс көлемінде 2 рет, республика көлемінде 3 рет қайталанбауы тиіс.

Сіз не дейсіз?

ДӘРІГЕРЛЕР САНЫН КӨБЕЙТУДІҢ ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ?

ОЙТАЛҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)



Белгібай ШАХМЕТОВ, медицина ғылымдарының докторы, профессор:

– Қазір вирустың қайта өршіп бара жатқаны белгілі болып отыр. Мұндай жағдайда медицина университетінің жоғары курс студенттерін жұмысқа тарту арқылы ғана маман тапшылығы мәселесін шеше аламыз. Бірақ алдағы оқу жылынан бастап дәрігер мамандарды дайындауға айрықша көңіл бөлген жөн. Сосын дайын маманды түрлі жолдармен ынталандыру арқылы шалғай жатқан өңірлерге тартуға, елімізде ұстап қалуға тырысу керек. Талай жыл оқыған маманның қоғам қадірін білуі керек. Он жыл маманданған дәрігерді айдан айға әзер жететін жалақыға байлап қою ұят. Әсіресе, инфекциялистер, вирусолог мамандарды дайындауға, халықтың жеке басының санитарлық мәселесіне көңіл бөлуге тырысуымыз керек. Шетелде көп жағдайда күнделікті өмір сүруге қажетті нәрселерді мектепте үйретеді. Бізде вирустың қауіптілігін сезінбестен той тойлап, айыппұл төлеп жүрген халыққа балкім осындай жолдармен қосымша жұмыстар жүргізіп, денсаулығына жауапкершілігін арттыру керек секілді.

Жанұзақ ӘКІМ, экономист:

– Мемлекеттік емханада бір мезгіл ғана жұмыс істеген соң әрине ондағы кезек үнемі аузы-мұрынын шығып тұрады. Мемлекеттік емханада жақсы жалақы алса олар бір күннің екінші жартысында жекеменшік емханаға жүзіріп жатпаласпа еді. Еліміздегі медицина қызметкерлерінің жетуінің тағы бір себебі – бұл құлшыныс беретін белсенді механизмдердің болмауы, психосоциалдық қысым, кәсіби өсу үшін мүмкіндіктердің болмауы, қорғаныстың төмен деңгейі, әлеуметтік кепілдіктердің жеткіліксіздігі деп айта аламын. Еліміздегі медицина қызметкерлерін қандай да бір әлеуметтік жеңілдіктермен қамтамасыз ете алмай отырмыз. Егер түрлі жолдармен ынталандыра алсақ дәрігер мамандығын игеруге ұмтылатын жастардың да қатары артар еді.

Дәрігерлер ғана емес қазір медбикелер де жеткіліксіз. Дәрігер мамандарды дайындауға көп жыл кеткенімен медбикелерді көбірек, қысқа уақытта, науқастарға жедел көмек көрсететін маман ретінде дайындап қойсақ болады ғой. Негізгі мәселеге мән бермеуіміздің салдарынан осындай маман тапшылығын да туындатып отырған сияқтымыз. Вирустың кезекті толқынын дәрігерсіз қарсы алу соғысқа қару-жарақсыз шыққанмен бірдей. Өйткені науқастарға уақытылы дәріні тарайындау, әр науқасқа жеке күтім жасау барлығы білікті дәрігерге байланысты дүниелер. Сондықтан дәл қазір ұлт саулығын бірінші орынға қойып, дәрігермен жеткілікті қамту мәселесіне мән беруіміз керек.



Сауланманы дайындаған Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ, «Заң газеті»

ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ АЗАМАТТАРЫНЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙДЫ



Эльмира ОЙКУЛОВА,
Атырау қаласының №2 сотының
судьясы

ҚР Президенті Жолдауындағы «Әділетті мемлекет азаматтардың мүддесін қорғау жолында» деп аталатын бөлімінде құқықтық жүйедегі олқылықтар мен кемшіліктер сөз болады. Стратегиялық құжатта баса назар аударылған негізгі мәселелердің бірі қылмыстық іс жүргізу алаңындағы өкілетті органдардың іс-қимылын нақтылау.

Президент өз сөзінде «ЭДІДҰ елдерінің үлгісімен қылмыстық саланы модернизациялау керек. Бізге азаматтардың уақытында құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін және жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келетін модель қажет. Мен Қазақстанда биліктің нақты бөлінуі бар үш деңгейлі модельді енгізу керек деп санаймын» – деді.

Ол жүйе қандай болмақ? Полиция қылмыстарды анықтап, оған қатысы бар

дәлелдемелерді жинап, бекітеді. Прокурор жиналған дәлелдерге тәуелсіз баға беруге, азаматтардың құқықтарының бұзылуына жол беруге, адал азаматтардың қылмыстық процеске араласуына жол бермеуге, сотта айыптауды қолдауға міндетті болады. Ал сот органдардың әрекеттеріне шағымдарды қарап, іс бойынша түпкілікті үкім шығарады.

Бұл тәсіл бақылау мен тепе-теңдік жүйесін нығайтуға және әр кезеңде тиімді сүзгіден өткізуге мүмкіндік береді.

Президент қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының тұрақтылығын қамтамасыз ету маңыздылығына тоқталды. Өйткені оның жиі түзетілуі құқық қорғау органдарына кері әсерін тигізеді және бірыңғай тергеу және сот тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік бермей отыр.

Заңнаманы қолдануға қатысты шешімдер көбіне тәртіп сақшыларының ыңғайына сүйене отырып, тиісті талдаусыз және болжаусыз қабылданады. Сондықтан «әкімшілік» және «қылмыстық» құқық бұзушылық туралы жаңа ұғымдарды өзірлеу қажеттілігі туындаған. Сонда ғана қоғам мен құқықтық қоғамдастық құқық бұзушылық үшін жаза белгілеудің логикасын түсінетін болады.

Соңғы жылдары қылмыстық-процестік құқық сараланып, заман талабына сай Азаматтық процестік, қылмыстық процестік және өзге де заңдарға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қылмыстық істер бойынша медиацияны қолдануды қылмыстық заңнамамен реттеу мәселесіне келсек, қылмыстық құқықтағы медиация медиаторлармен қолданылатын арнайы әдістер жиынтығын реттейді.

Қылмыстық кодекстің 68-бабында татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату бөлігі бекітілді. Соған сай онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам әрекетімен болған зиянды қалпына келтіріп, жәбірленушімен татуласа қылмыстық жауаптылықтан босатуға жатады. Заң аясында медиация ережелері адам өлімі мен,

сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыстар жасаған адамдарға қолданылмайды.

Сот міндетіне тек заңмен бекітілген 68-бап талаптарын түсіндіру кіреді, сот ешкімді мәжбүрлеп, жүктемейді. Ал медиатор сот төрелігін іске асырумен байланысты емес бейтарап тұлға ретінде сотталушы мен жәбірленушінің татуласуына жағдай жасайды. Екі жақ медиативті келісім құруға өз еркімен келіскен жағдайда сотталушы жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату туралы сот төрелігін іске асырады. Сондай-ақ Қылмыстық процестік кодекстің 85-бабымен медиатор процессуалды тұлғаның өкілеттігі бекітілді.

Мысалға сотқа дейінгі тергеу сатысында татуласу арқылы аяқталуға жататын істер сотқа дейін жетіп жатады. Өйткені тергеу органдары істі сотқа дейін аяқтап, тараптарды әуре-сарсаңға салады. Бұл артық жауапкершіліктен қашып, сотқа ысыра салғанмен бірдей. Осы мәселе бойынша атыраулық құқық қорғау органдары өкілдерімен бірнеше кездесулер өтті. Алдағы уақытта тергеу сатысында татуласумен аяқталуы тиіс қылмыстық іс сотқа келетін болса, жауапты тұлғаларға қатысты жеке қаулылар шығарылатыны да ескерілді.

Статистикалық деректерге сүйенсек, Атырау қаласының №2 сотымен 642 қылмыстық іс қаралып, оның 74-і татуласу әдісімен аяқталған. 2020 жылдың I жарты жылдығында 340 қылмыстық істің 45 ісі татуласумен біткен. Егерде барлық құқық қорғау органдары істерді шешу кезінде альтернативті әдістерді заң аясында қолдануға мүдделі болса, әрине бұл көрсеткіштер әлі-ақ артып кетер еді.

Медиацияны толық қолдану тек сот қызметін емес, барлық процестік алаңдағы органдардың жұмысын оңтайландырып, жұмыс жүктемесін анағұрлым азайтуға қолымыз мүмкіндік туғызады. Медиация рәсімін енгізу мен қолдану сайып келгенде қоғамдық қарым-қатынастың мәдениетін арттырады.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНА ЗАҢГЕРЛЕР ДАЯРЛАУ ҚАЖЕТ

Кеңес үкіметі уақытында Қазақстанда заңгерлерді дайындайтын жоғары және орта оқу орындары болғанмен, бірақ оларда халықаралық құқық мамандығы бойынша заңгерлерді дайындайтын факультеттер, кафедра да, тіпті халықаралық қатынастар бойынша мамандық болған жоқ. Қазір сол уақыттардағы орталықтан шыққан саясатты ескеріп отырсақ, мұның өз себептері де бар екен және ол менің байқауымша бірнешеуі. Біріншісі, формалды түрде одақтас болып саналатын, 15 республика біртұтас даму бағытында, бірдей қоғамдық формацияда болып, ішкі және сыртқы мемлекеттік саясатта да бірдей түсінікте болды. Мұндай жағдайда барлық маңызды шешімдер Мәскеу арқылы шешіліп, халықаралық қатынастар да орталық билік арқылы іске асырылды. Басқаша айтқанда, республикаларда сыртқы саясат жүргізу, шет елдердің элементтерімен экономикалық, құқықтық мәселелері бойынша араласу құқығы болған жоқ. Сол себептен одақтас республикаларда халықаралық қатынастар, оның ішінде халықаралық құқық бойынша мамандар дайындау қажет деп саналмады. Екіншіден, ашық түрде айтылмаса да, кеңес үкіметі кезінде ұлтқа, соған қарай алалау қандай да бір деңгейде болды. Мұның дәлелі ретінде сол кездерде қазақ ұлтынан шыққан халықаралық қатынастарда қызмет атқарған адамдардың болмауын айтуға болады. Яғни, одақ құрамында болған басқа республикалардың азаматтары болып саналатын өзге ұлттардың өкілдерін халықаралық қатынастарға жататын қызметтерге жақындата бермеу, тіптен жолатпауды білдіретін пиғыл-ой болған. Кеңес үкіметі кезінде қазақтан шыққан елші ретінде 1928 – 1932 жылдары Хиджазда Консул, кейін 1932 – 1936 жылы Сауд Арабиясындағы КСРО-ның өкілетті елшісі болған Нәзір Төреқұловты айтуға болады. Ол 1937 жылы халық жауы деп айыпталып, атылып кеткен. Оның елші болу себепін сол кездерде оқыған, сауатты адамдардың кеңес одағы елдерінде аз болуынан деп қана түсінуге болады.

Алайда, кеңес үкіметі кездерінде халықаралық қатынастарға жіберілмесе де бірен-саран халықаралық құқық бойынша білім алған, халықаралық құқық мамандығы бойынша заң ғылымдарының кандидаты, қылмыстық құқық және криминология бойынша заң ғылымдарының докторы болған Жекебаев Өзекен Сүйкімбайұлын келтіруге болады. Ол Москва мемлекеттік халықаралық қатынастар институтын бітірген және 1959 жылы Москва ғылым академиясында халықаралық құқық мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғаған. Бірақ ол жақтан өз мамандығы бойынша жұмыс таппай, елге Алматыға келген. Алматыда халықаралық құқық бойынша кафедра немесе мамандық болмағандан кейін, ғылым кандидаты деген аты бар болғандықтан, Қаз КСР Ғылым академиясына ауысқан.

Алғашқы қазақстандық халықаралық құқық мамандығы бойынша заң ғылымдарының кандидаты Ө.Жекебаев болса, құқықтың осы ғылым саласы бойынша алғашқы заң ғылымдарының докторы Сәрсенбаев Марат Алдонғарұлы болды және ол кісінің жетекшілігімен 1990 жылы Қазақ Ұлттық Университетінде халықаралық құқық кафедрасы ашылды. Сол уақыттан бері осы кафедраның жетекшілігімен халықаралық құқық мамандығы бойынша көптеген ғылым кандидаттары мен докторлары, сонымен қатар осы мамандық бойынша көптеген бакалаврлар, магистрлер дайындалды.

Биыл кафедраға 30 жыл, факультетке 25 жыл толғанын атап өте отырып, халықаралық құқық мамандығы бойынша заңгерлермен заң факультетін бітірген заңгерлердің айырмашылығы туралы бірер сөз айта кетуге турады. Қазақстан жоғары оқу орындарының заң факультеттерін бітірушілер негізінен отандық, яғни Қазақстан Республикасының заңдары бойынша оқытылып, ел ішіндегі құқықтық қызметтермен айналыса алады. Ал ҚазҰУ халықаралық құқық мамандығы бойынша оқытылған заңгерлер азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, қылмыстық және азаматтық процессуалдық сияқты отандық құқықтарды кейбір шет елдердің аталған құқық салаларымен салыстырмалы түрде оқиды және өздерінің арнайы мамандығы ретінде халықаралық құқықтық пәндерді өтеді. Сөйкесінше отандық заңдардың халықаралық құқықтық стандарттарға сәйкестік дәрежесін, яғни қаншалықты халықаралық актілерге сай немесе айырмашылығы бар екендігін анықтай біледі. Соған байланысты халықаралық құқық бойынша дайындалған заңгерлер шет елдік ұйымдармен бірлескен кәсіпорындарда, халықаралық ұйымдарда, мемлекеттің сыртқы саясатын іске асыратын Қазақстанның шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктерінде заңгер ретінде жұмыс істеуге қабілетті болады. Әрине, Қазақстан сияқты өзге мемлекеттермен ашық саясат жүргізіп отырған және интеграциялық байланыстарға белсенді қатысушы елге осындай жан-жақты дайындалған заңгерлер көптеп керек-ақ.

Серік ӨПЕНОВ,
заң ғылымдарының кандидаты

БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ КЕЛІСІМГЕ КЕЛУ

Қазіргі таңда тараптар арасында даудың көбеюіне байланысты олардың мәселелерін шешу, ретке келтірудің тиімді әдістерін табу өзекті мәселенің бірі болып отыр. Әлемнің көптеген елдерінде дауды шешудің неғұрлым тиімді және балама әдістерінің бірі – ол медиативтік келісім.

Медиацияны кең танылған бітістіру мен табыстыру рәсімдерінің озық түрлерімен салыстыруға болады. Медиация көптеген ғасырлар бойы бейбітшілікті орнықтыру жолында қолданылады. Әлі де осы миссиясынан таңған жоқ.

Өткен ғасырларда қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымда билер аса маңызды орынға ие болып, тек ел басқарушы ғана емес, сонымен бірге сот билігін жүзеге асырушы ретінде де танылған. Қазақ қоғамындағы сот үрдісіндегі бітім институты туралы заңгер ғалым З.Кенжалиев былай деп жазды: «Қазақ қоғамындағы сот процесінің басты мақсаты – бітім еді. Яғни дауласушы тараптарды келістіріп, бітімдестіру».

Сот жүйесіндегі бұл институт алғаш рет 2009 жылы ҚР Судьяларының V съезінде жоғары саяси деңгейде талқыланды. Қазіргі таңда, соттар қабылданған заңның жағымды тұстарын бағалап, сот медиация институтын жаңғырту мақсатында оны дамытуға үлестерін қосып жатқан жағдайлары жиі орын алуда.

Тәжірибе барысында, сотқа жүгінген тараптардың басым көпшілігі «медиация» не екенін де білмей жатқан жағдайлары орын алғандықтан, халықтың медиация институтымен танысу мүмкіндігін жүзеге асыру үшін оларға әрдайым медиация ұғымы жайлы және оның ерекшеліктері жөнінде ақпарат беріліп, сондай-ақ азаматтық істерді қарау барысында медиация институтын қолданудың тәртібі мен салдары туралы сот тарапынан мүмкіндігінше насихаттау шаралары жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңы судьялар тарапынан да қолдау тапты. Судьялардың медиацияны қолдануға талпынуы келесі себептермен сипатталады: медиация туралы шартты жасасқан кезде азаматтық іс бойынша іс қысқартылады; қарсы талап арыз бермейді; медиация туралы шарт ерікті түрде жасалғандықтан, атқарушылық өндіріс қозғалмайды.

Мысалы, Шалқар аудандық сотына талап қоюшы Қ. жауапкер С. екеуі арасындағы некені бұзу туралы арызбен жүгінген. Жауапкер С. талапкермен отбасын сақтауға, араларындағы келіспеушілікті жоюға, балаларының тәрбиесіне қарауға міндеттелетінін айтып, талап қоюшыны татуласуға шақырды. Талап қоюшы Қ. жауапкердің ұсынысын қолдап, оның ұсынысына келісетінін көрсетіп, онымен арадағы некені бұзу туралы талап арызынан бас тартты. Нәтижесінде, сот тараптардың



дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімдерін бекітті. ҚР АПК-нің 277-бабының б) тармағына сәйкес іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды.

Яғни, бүгінгі таңда тараптардың мүдделері теңдей сақталып, сотта медиация тәртібімен азаматтық істер қаралып, олар бойынша сот өндірісі қысқартылып жатыр. Дәлірек айтар болсақ, аудандық сотта медиация және татуласу рәсімдері арқылы 51 азаматтық іс аяқталды.

Мемлекеттің азаматтық істер бойынша тараптардың сотта медиация тәртібімен бітімгершілік келісімін бекіткен кезде төленген мемлекеттік баждың төлеушіге қайтарылуы тәртібі азаматтық істерді медиативті келісімге келу арқылы шешу барысында үлкен септігін тигізеді.

А. БОЛЫСБАЙ,
Шалқар аудандық сотының
бас маманы

ДАУДЫ УШЫҚТЫРМАУ – ТАРАПТАРДЫҢ ТАТУЛАСУЫНА КЕПІЛ

Барлық заңдар еліміздің негізгі заңы – Конституциядан бастау алады. ҚР Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп көрсетілген. Конституциямен баяны етілген адамның құқықтары мен бостандықтарын толық қамтамасыз ету үшін еліміздің заңнамалары үнемі жетілдіріліп келеді. Соның ішінде даулар бойынша, тиімді және әділ шешімге азаматтардың қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін дауды шешудің әртүрлі баламалы жолдары сот саласында да үнемі даму үстінде.

Тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімін осы медиацияға жатқызып жүрміз. Ал, оның негізгі

мақсаты дауды шешудің екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу, тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету деіміз.

Медиация тараптары медиаторды ерікті түрде таңдауға, медиатордан бас тартуға; медиацияның кез келген сәтінде оған қатысудан бас тартуға; медиацияны жүргізуге жеке өзі немесе өкілеттіктері заңда белгіленген тәртіппен рәсімделген сенім хатқа негізделген өкілдері арқылы қатысуға; дауды реттеу туралы келісімді орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған кезде сотқа немесе оған байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен медиация жүзеге асырылған, іс жүргізуінде жатқан процесті жүргізетін органға жүгінуге құқылы.

Медиация тәсілі сот жүйесіндегі әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы. Біздің жүйедегі осы бір тиімді әдіс бүгін кеңінен насихатталып, жалпыхалықтық қолдау табуы керек.



Асхад ТОЛЕНТАЕВ,
Тараз қаласының мамандандырылған әкімшілік соты
кеңесшінің маманы

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Ержан Иманқұлұлы, «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ секілді мекеме құруда нендей мақсат көзделді, алғышарттары қандай еді?

– «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-ның тарихы 2012 жылдан бастау алады. Қорды құрудағы негізгі мақсат – отандық екінші деңгейлі банктердің несиелік портфельін «жұмыс істемейтін», дәлірек айтсақ төлем мерзімі 90 күннен асып кеткен қарыздардан тазарту болды. Дағдарыстан кейінгі кезеңге тап келген 2012 жылдан бастап банк секторындағы NPL деңгейі кредиттік портфельдің жалпы көлемінің 33% дейін, яғни, ең жоғары межеге жеткен еді! Бұл проблема еліміздің бүкіл қаржы жүйесінің тұрақтылығына қауіп төндіріп тұрды.

Әлемнің бірқатар елдерін тұралатып кеткен қаржы дағдарысынан Қазақстан қатты зардап шеккен жоқ. Оған себеп: елімізде мемлекет тарапынан қабылданған алдын алу шаралары тиімді жүргізіліп, оң нәтижеге қол жеткізе білдік. Дағдарыс салдарын қалпына келтіру бағдарламасының негізгі шараларының бірі екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға бағытталған – «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ құрудың алғышарттары осындай еді.

Қор құрылған сәттен бастап елдің ең ірі банктері саналатын – БТА және Цеснабанктің активтерін сатып алу бойынша бірқатар ірі мәмілелерді жүзеге асырдық. Соның бірі – БТА-мен жасалған мәміле нәтижесінде 2017 жылы 4,5 трлн теңгеден астам сомаға халықтың депозиттерін сақтап қалу мүмкіндігіне ие болдық. Сондай-ақ, отандық агроөнеркәсіп кешенін сауықтыру аясында Цеснабанктің активтері де сатып алынды.

– Бүгінгі таңдағы қор алдында тұрған өзекті мәселелер қандай?

– Бүгінде қор алдында банк секторын сауықтырумен қатар, сатып алынған проблемалық активтерді сауықтыру және оларды экономикалық айналымға жедел түрде қайтару сияқты тағы бір стратегиялық мәні зор, ауқымды міндет тұр.

Қор алдындағы және бір міндет – борышкерлерді сауықтыру. Сондықтан активтерді сатып алғаннан кейін ең алдымен қарыздарды қайта құрылымдау мүмкіндігін қарастырамыз. Қайта құрылымдау – төлемдер кестесін қайта қарау, пайыздық мөлшерлемелерді төмендету, шетел валютасындағы кредиттерді конвертациялау және т.б. түрінде ұсынылуы мүмкін. Бүгінде қордың қоржынында БТА-ға тиесілі, қайта құрылымдау процесіндегі 17 жоба бар. Бұлардың барлығы да салық төлеп, халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп отырған әрекеттегі бизнесер. Цеснабанктің «ҚазЭкспортАстық» және «Атамекен-Агро» атты агроөнеркәсіптік кешеннің ірі холдингтері де қайта құрылымдаудан өткеннен кейін өндірістік қызметін жалғастырды.

Сауықтыру процесін жеделдету мақсатында, қор әрбір борышкермен жеке жұмыс жүргізеді. Ал қайта құрылымдағаннан кейін де берешек тұрақты түрде өтелмей жатпайды, өндіріп алу рәсімдерін жүргізу туралы шешім қабылданады.

– Проблемалық кредиттер қоры – мемлекет тарапынан қаржыландырылатын, ҚР Қаржы министрлігіне бағынышты ұйым. Осы ретте бюджет қаражаты есебінен екінші деңгейлі банктерге қол ұшын созу қаншалықты ақталады?

– Екінші деңгейлі банктерді ел экономикасының қан айналым жүйесі десек те болады. Бұл жүйе неғұрлым жақсы әрі тиімді жұмыс істеген сайын мемлекеттің экономикалық жағдайы да соғұрлым түзеле түсетіні дәлелденуді қажет етпейтін аксиома іспетті. Ал жұмыс істемейтін кредиттер жиналып қалған жағдайда банктер экономиканың нақты секторын несиелеу көлемін азайтуға мәжбүр болады да кәсіпорындар жеткілікті қаржыландырылмайды, сәйкесінше өндіріс пен жұмыс орындары қысқарады. Өндірістің төмендеуіне, сату көлемінің азаюына және жұмыс орындарының қысқаруына қарай компаниялардың кредиттерді қайтару қабілеті де нашарлай түсетіні белгілі жағдай. Сол себепті, стрессі активтердің үлкен үлесі банктерді қосымша операциялық шығындар шығаруына мәжбүрлейді. Мұндай жағдай ең алдымен халықтың сатып алу қабілетінің, кірісінің және жалпы өмір сапасының төмендеуіне әкеліп соғады. Банк секторындағы турбуленттік жағдай халықтың оларға деген сенімін төмендетіп қана қоймай, банктердің өз депозиттерінен айырылуына бірден-бір



Ержан ЕЛШИБАЕВ,
«Проблемалық кредиттер қоры» АҚ басқарма төрағасы:

«БІЗДІҢ ҚОРДЫҢ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА ТИГІЗЕР ПАЙДАСЫ ЗОР»

себебі болып табылады. Сондықтан, экономиканы тығырлық тірейтін жаһандық дағдарыстар нәтижесінде орын алған мәселелерді оңтайлы шешу үшін, мемлекет екінші деңгейлі банктерге қаржылық қолдау көрсету сияқты эффективті шараларға баруға мәжбүр болады.

Дамыған және дамушы елдердің тәжірибесіне сүйенсек, мемлекет банк секторына араласпаса және мемлекет тарапынан қаржылық қолдау көрсетілмесе NPL-дің жоғары деңгейі экономиканың тоқырауына әкелуі мүмкін екенін көрсетеді. Бір кездері әлемнің жетекші елдерінің билігі ең ірі банктерді мемлекет меншігіне алуға, сондай-ақ халықаралық даму банктерінен қаржылық көмек сұрауға мәжбүр болған еді. Мұндай мәселе біздің елде де орын алды. Бұл әлемдік тәжірибе. Осы ретте, Проблемалық кредиттер қоры арқылы мемлекеттік қаржыландыру БТА-ны алғашқы сатып алу шеңберінде ғана жүзеге асырылғанына баса назар аудару қажет.

– Қор портфельінде бүгінде активтердің қандай түрлері бар?

– 2017 жылы БТА-дан сатып алынған активтер заңды және жеке тұлғаларға, жылжымайтын және жылжымалы мүлікке, сондай-ақ акциялар мен ұйымдардағы қатысу үлестеріне қарыздар бойынша талаптар түрінде ұсынылды.

Ал, елдің агроөнеркәсіптік кешенін жақсарту шаралары аясында ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне талап ету құқығын Цеснабанктен алдық. Осы талап ету құқықтары үшін кепіл болған жер учаскелері Қазақстанның күллі егіс алқаптарының оннан бір бөлігін құрады.

– Мүлік және талап ету құқықтары туралы айтпас бұрын, бұл қандай талаптар екендігіне тоқталып өтсек.

– Талап ету құқықтары бойынша өндіріп алу дегеніміз, бұл талап қою жұмысы, сот процестері, атқарушылық іс жүргізу, банкроттық процесі, активтерді қордың балансына қою сияқты көптеген күрделі кезеңдерді қамтитын үлкен жұмыс.

Мәселен, БТА бойынша активтердің 71% – талап ету құқығын, ал 29% – мүлікті құрады. Төлем қабілеті жоқ борышкерлерге қатысты 40 талап бойынша сот органдары тарапынан 447,7 млрд теңге өндіріп алу туралы шешім қабылданды. Айта кетерлігі, аталған соманы толық көлемде өндіріп алуға кепілзаттың жеткіліксіз болуы «қолбайлау» болып отыр.

Ал, Цеснабанктен сатып алынған активтерге келсек, бұл жүз пайыз талап ету құқығы. Қазіргі таңда өндіріп алу процестері аяқталып, өкімдіктермен бірлесіп жүргізілген ауқымды жұмыс нәтижесінде активтер жаңа инвесторларға берілді.

– Сатылымға шығарылған мүліктердің (пайыздық арақатынаста да, ақшалай мәнде де) қаншасы сатылғанынан халықты хабардар етсеңіз?

– Бүгінде жалпы сомасы 13,691 млрд теңгеге 178 жер учаскесін, 314 коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісін, 83 тұрғын үй қорының нысанын және 210 жылжымалы мүлік объектісін сатуға қол жеткізіп отырмыз. Яғни, 607 жылжымайтын мүлік нысаны жалпы сомасы 20, 230 млрд теңгеге сатылды.

Егер пайыздық арақатынаста қаралатын болсақ, онда ең көп сатылғаны жылжымалы мүлік объектілері (40%) екендігін аңғаруға болады. Одан кейін коммерциялық жылжымайтын мүлік –

шағы «үміт» күттірер болса, оған қайта құрылымдау жүргізіліп, ал перспективасы жоқ болса, сот арқылы өндіріп алу процесі басталады. Нәтижесінде қор мүлікті өз балансына қабылдап, активтерді аукцион арқылы сату мүмкіндігіне ие болады. Тек сатылымға шығару бағытының өзінде Ұлттық қорға шамамен 28,6 миллиард теңге көлемінде қаражат аударылды. Жақын арада тағы 4 миллиард теңге аудару жоспарланып отыр.

Ал Цеснабанкке қатысты мемлекеттен ақша тартылмағандықтан ҚР Ұлттық қорға қаражат аудару бойынша ешқандай міндеттемелеріміз жоқ.

– Проблемалық кредиттер қоры ағымдағы жылы қызмет бағытының басты назарын нендей

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ХАЛЫҚТЫ ЖӘНЕ КӘСІП-КЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІН ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ТАПСЫРМАСЫ АЯСЫНДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ БІРҚАТАР ОҢ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАҒАН БОЛАТЫН. СОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ БОРЫШКЕРЛЕРГЕ ҚАРЫЗДЫ ӨТЕУ БОЙЫНША КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ БЕРІЛІП, ШАҒЫН-ОРТА БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҮЙ-ЖАЙЛАРДЫ ЖАЛҒА БЕРУ ТӨЛЕМАҚЫСЫНАН БОСАТЫЛДЫ.

27%, жер учаскелері – 23% және тұрғын үй объектілері – 10%-ын құрап отыр.

– Мемлекеттік бюджетке қаражатты қайтару қалай жоспарланып отыр?

– Қаражатты қайтару негізінен қайта құрылымдау, сот арқылы өндіріп алу және активтерді сауда арқылы сату сияқты үш бағытта жүзеге асырылады. Бірінші бағыт бойынша қаражатты қайтару – жұмыс істеп тұрған бизнесті қайта құрылымдау, яғни, салық төлеу, берешегін өтеу арқылы жүзеге асырылады. Сот органдары тарапынан өндіріп алу талап-арыз жұмысы арқылы өндіріп алынған сома немесе мүлік қайтарылған кезде жүзеге асырылады. Үшінші бағыт – былтыр ғана жүзеге асырыла бастаған мүлікті сату процесі. Көрсетілген үш бағытты жүзеге асырмас бұрын, қор қызметкерлерінің ауқымы зор жұмыс атқарғандығын айтып өту қажет.

Рет-ретімен талдап көрелік: ең алдымен қор банктердегі активтерді сатып алады. Әрбір объект бойынша визуалды тексеру, инвентаризация, барлық құжаттамаларды қабылдап алу, қабылдау актілеріне қол қою сияқты жұмыстар жүзеге асырылады. Келесі кезең – бұл активтерді қайта құрылымдау, сот арқылы өндіріп алу және сату арқылы басқару жүргізіледі. Яғни, сатып алынған активтің бола-

мәселелерге аударды және нәтиже көрсеткіші қандай?

– Биылғы жылы Мемлекет басшысы белгілеген пандемияға байланысты дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде стрессі активтер нарығын дамыту жөніндегі Жұмыс тобы құрылған болатын. Оның міндеті ретінде – стрессі активтер нарығын дамыту, оның ішінде проблемалық активтерді басқару үшін реттеушілік, қадағалау және құқықтық жағдайларды жетілдіруге, екінші деңгейдегі банктердің проблемалық активтерін қайта құрылымдау мен өткізуге бағытталған ұсыныстар әзірлеу сияқты шаралар белгіленді.

Аталмыш Жұмыс тобы Қазақстандағы жұмыс істемейтін активтер нарығын дамытуға бағытталған бірқатар ұсыныстарға бастамашылық еткен болатын. Бұл көтерілген мәселелер қазіргі таңда Үкімет қарауына ұсынылды.

Қордың биыл атқарған нақты істеріне тоқталатын болсақ, ҚР Экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2019 жылғы 28 желтоқсандағы шешіміне сәйкес биыл әлеуметтік маңызы зор шаралармен айналысу үстіндеміз. Мәселен қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру мақсатында денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қала құрылысы жобаларын іске асыру мақсатында жер учаскелерін өтеусіз негізде Алма-

ты әкімдігінің коммуналдық меншігіне берген болатынбыз. Бүгінгі күннің өзінде жалпы ауданы 243 мың гектарды құрайтын 196 жер учаскесі берілді.

Бұдан бұрын атап өткеніміздей, 2017–2019 жылдары БТА мен Цеснабанктер қорға өткен ең үлкен проблемалық портфельді басқарып отырмыз.

2019–2020 жылдары БТА мен Цеснабанк портфельіндегі 32 борышкермен компаниялардың қарыздарын қайта құрылымдауға қол жеткізе алдық. Мұндай шара компаниялардың қаржылық жағдайын тұрақтандыруға, жұмыс орындарын сақтауға және агроөнеркәсіптік кешен субъектілері тарапынан көктемгі дала жұмыстарын дер кезінде бастап кетуге мүмкіндік берді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының халықты және кәсіпкерлік субъектілерін қолдау жөніндегі тапсырмасы аясында Проблемалық кредиттер қоры бірқатар оң шешімдер қабылдаған болатын. Солардың ішінде борышкерлерге қарызды өтеу бойынша кейінге қалдыру мүмкіндіктері беріліп, шағын-орта бизнес өкілдері коммерциялық үй-жайларды жалға беру төлемақысынан босатылды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 26 маусымда «Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы» №34 Жарлыққа қол қойды. Өзге мекемелермен қатар Проблемалық кредиттер қоры да аталған шара аясында қыруар жұмыс атқарғанын хабардармыз. Сұхбатымызды қортындылай келе, осы мәселеге де тоқталып өтсеңіз.

– Борыш жүктемесін азайту – көп балалы отбасылар, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша төлем алатын отбасылар, мүгедек балалары бар, 18 жасан асқан бала кезінен мүгедек балалары бар отбасылар және т.с. сияқты санаттарға жататын азаматтарға қатысты жүргізілді.

Өз кезегінде, Проблемалық кредиттер қоры қаржы операторы ретінде әрекет ете отырып, бұл бағдарламаны ҚР Ұлттық Банкі бекіткен механизм шеңберінде негізгі екі бағыт бойынша жүзеге асырды. Бірінші бағыт шеңберінде өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтардың борыш жүктемесін азайту үшін қор тарапынан 716 519 кепілсіз тұтынушылық қарызды өтеуге екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржы ұйымдарының шоттарына 120,5 млрд теңге көлемінде қаржы аударылды.

Сондай-ақ Жарлықты іске асыру мақсатында екінші деңгейлі банктер мен микроқаржы ұйымдарында кепілсіз тұтынушылық кредиттерді бар, ел азаматтарына 2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша есептелген (тиесілі) тұрақсыздық айыбын (айыппұлдар мен өсімпұлдарды) өтеу механизмі бекітілді.

Осы бағыт шеңберінде екінші деңгейлі банктер мен микроқаржы ұйымдары 2019 жылғы 30 шілдеге дейінгі мерзімде ел азаматтарының барлық санаттарына 1,4 млн берешек бойынша жалпы сомасы 33,6 млрд теңгеге есептелген тұрақсыздық айыбын кешіруді жүзеге асырды.

Қор ел азаматтарының кешірілген тұрақсыздық айыбы бойынша берешегінің 30 пайызын өтеп беру мақсатында екінші деңгейлі банктер мен микроқаржы ұйымдарының шоттарына 10,1 млрд теңге көлемінде қаражат аударды.

Жалпы алғанда, ҚР Президентінің Жарлығын іске асыру нәтижесінде қазақстандықтардың борыш жүктемесі едәуір азайды. Ал қарыздарының жалпы мөлшері ескерілген бірқатар азаматтың берешегі толықтай өтелді.

– Өңгімеңізге рақмет! Ел экономикасын тұрақтандыруға бағытталған қызметіңізге сәттілік тілеймін.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ЖҮРЕКЖАРДЫ

«ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ»

Адамның атымен қатар өмірге тағдыры да бірге келеді. Айдын Әсімінің ені мағынасы бар екен: Біреуі – жайылып жатқан кең су алабы, мөлдір, жалтыр көл болса; екіншісі – айбар, қанар, айбын деген ұғымдарды қамтиды екен.

Айдын досымның есімін азан шақырып қойғанда, аталған қасиеттердің барлығы бойына дарығандай. «Кең болсаң, кем болмайсың» деген сөздің дәлелі болатындай, достарының арасында Айдын барынша көңілі кең, жомарт, мәрт жігіт еді. Қолынан келсе, елге жақсылық жасауға ұмытылып тұратын. Өзінің қолы жетпеген нәрсені басқаларға жеткізуге едәуір ат салысып, дегеніне жеткізетін.

Біздің достығымыз 1996 жылы Қазақ мемлекеттік заң институтына (кейіннен университет, академияға айналды) бір топқа түскен кезден басталды. Айдын ол кезде Талдықорған заң колледжін тамамдап, сүйегі қатайған, мінезі қалыптасқан жігіт болып келген.

Оқу жылы әдеттегідей қыркүйек айында басталып кетті, топтағы курстастармен әлі жақын танысып үлгермеген кез еді. Қазақ тілі пәнінен еліміздің данышпан ақыны, жазушы, қоғам қайраткері Жарасқан Әбдіраштың жұбайы, танымал режиссер Рүстем Әбдіраштың анасы – Мергенбаева Нәзігул Нұрғалиқызы ұстазымыз дәріс беретін. Сол кісінің сабағында бірге оқитын Құсайынов Олжас екеуіміз сөзге келіп, ерегісіп қалдық.

Сабақ аяқталған соң Олжас екеуіміз әжетханаға барып, енді күш сынасайық дегенімізде, Айдын келіп аразымызға тұрып алды. «Братигиши вы

чѐ из-за какой-то мелочи собрались драться что ли? Успокойтесь и пожмите друг другу руки» – деді. Білмеймін неге, бірақ соның тілін алып, Олжас екеуіміз қол алысып, егесуімізді доғардық. Сол оқиғадан бері үшеуіміздің ажырамас достығымызға 24 жыл толытып. «Ер шекспей бекіспейді» деген осы болар.

Айдынның ата-анасы – Оспан аға мен Запен апамыз, Мадинаның ата-анасы – Хабиболла аға мен Ғалия апамыз, Олжастың ата-анасы – Өзман аға мен Рәзия апамыз және менің ата-анам – Тасанби әкем, Тамара анам, барлығы бұрыннан бірі бірін танитын адамдай жақын араласты, той-томалақтарда бірге тойлап, үйге шақырып, қонақтап жүрді. Ата-аналарымыздың осындай қарым қатынасына себепкер болғанымызға біз үшеуіміз әрине шексіз қуандық.

Оспан ағамыздың 60-жылдық мерей тойын 2010 жылы шілде айында Меркіде дүркіретіп атап өттік. Ол жиынға Еліміздің бірқатар дара тұлғалары, министрлер, прокуратура жүйесіндегі басшылар, генералдар қатысты. Ертесіне Қазақстан мен Қырғызстан командаларының қатысуымен көкпар өтті. Той ұйымдастыру деңгейі өте жоғары болды. Сол секілді Зоя апамыздың, жары Мадинаның және ұл-қыздарының туған күндері

әрдайым ерекше аталып тұратын. Тұңғыш ұлы Абылайды Мәскеу мемлекеттік университетінде оқытты, қыздары елордамыздың ең жақсы мектептерінде оқуда.

Оспан аға науқастанып қалғанда, емдеуге апармаған жері қалмаған шығар: Мәскеу, Германия, Оңтүстік Кореяда емдетті. Алайда қанша әрекеттенсе де жаман ауруды жеңе алмады.

Осының барлығы әрине Айдын досымыздың ата-анасына, отбасына деген мейірімінің, қамқорлығының шексіз екенін көрсетеді. Ардагер Аманжол атасының атын өшірмеу үшін Айдын бес жылға жуық мемлекеттік органдардың табалдырықтарын тоздырып, қайтпас мінез, табандылық көрсетіп Жамбыл облысы Меркі елді мекеніндегі №7 орта мектебіне Социалистік Еңбек Ері – Аманжол Тұрғынбаевтың есімі берілуіне қол жеткізді.

Мектепке өз қаражатына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізді, оқушылар тапшылық көрмесін деп, компьютерлік техникамен қамтамасыз етті, атасына арнап тематикалық сынып ашты.

Жан досымыз Айдын үнемі асығыс болатын. Ойына келген идеясын жүзеге асырмайынша, қолына алған ісін бітirmeйінше жай таппайтын. Жоғары білім алған бетте еліміздің Мемлекеттік кірістер, Қаржы және Әділет министрліктерінде, Бас прокуратурада жауапты қызметтерді атқара жүріп, көптеген марапаттарға ұсынылып аға әділет кеңесшісі шеніне ие болды. «Отызында орда бұзып», Ақтөбе облысы және Алматы қаласы Әділет департаменттерін басқарды. Қысқа



мерзімде барлық аудандарда халыққа қызмет көрсету орталықтарын жаңадан ашып берді, басқарма басшыларына жаңа көліктерге отырғызды.

Прокурорлық қызметке қайта оралып, Құқықтық статистика және арнайы есептер комитеті төрағасының, Ақтөбе облысы прокурорының орынбасары лауазымдарын абыроймен атқарды.

Мәскеудегі Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Халық шаруашылық және мемлекеттік қызмет академиясында үлкен ғылыми зерттеу жүргізіп, биыл докторлық диссертациясын үздік қорғап шықты.

Әкем Тасанби Айдынның осыншама зеректігін, ұғымталдығын, болашақта іскер азамат болатынын бір көргеннен таныды. Төртінші курс оқып жүргенімізде, жақсы жұмысқа орналасуға демеу ретінде Айдынды ертіп ҚазҰУ-ге көп жылдар заң фа-

культетінің деканы, заң институтының директоры болған, кәзір Мәжіліс депутаты Әбдіманап Бектұрғанов ағамызға алып барды.

Әдеттегідей көзілдірігін киіп, қалтасынан қағазын шығарып, Айдын жайлы дайындап әкелген мінездемесін оқи бастады. Жоғарыда атап кеткен оның бойындағы барлық қасиеттерді жүйелі түрде сипаттап берді.

Өмірден өткенше менің ата-анамды өз ата-анасындай сыйлап өтті. Ол кісілерге көптеген жақсылықтар жасады.

Екіншіше орай 2020 жыл бүкіл адамзатқа ауыр сынақ әкелді. Қытайдан шыққан жаман індет мыңдаған адамдардың өмірін алып кетті. Оттай жанып тұрған Айдын Тұрғынбаев бауырымыздан біз де айырылды. Амал қанша?!

Бір нәрсе сезгендей, сол жағдайдан бір ай бұрын телефон шалып: «Біз Олжас екеуіміз саған қонаққа барып қайтайық, кенже ұлыңның бір жасқа толу тойына бара алмадық, Әділханға сыйлығымыз бар, Ақмаралды жузбе жүз құттықтайық» – деді. Әрине куана қарсы алдым. Маусым айының басында Айтеке, Олжеке, мен үшеуіміз Баянауылдың сұлу табиғатын тамашалап, таза ауасын жұтып, балдай қымызын ішіп демалдық. Көп әңгімелестік, бастан өткен-кеткенді, замандастарымызды еске алдық. Үйге келіп, өзінің ғылыми туындысын, яғни кітап қылып шығарған диссертациясын бізге табыстады. Бұл қасиет басқа түспегенде, бүгін жасы 43-ке толар еді. Қазір ойласам, Айтекеңнің сол әдейілеп келуі қоштасудай болған екен.

Аруағын Алла Тағала алдынан жарылқасын, мейіріміне бөлеп, Пайғамбардан шапағат нәсіп етсін. Жанұясына, ұрпағына амандық, берекеңің берсін. Досың болса, Айдындай болсын!

Рүстем ТӨКБЕРГЕНОВ,
Павлодар көлік прокуроры,
әділет кеңесшісі

МӘСЕЛЕ

ЭКСТРАДИЦИЈАЛАУҒА ҚАТЫСТЫ ЗАҢНАМА ЖЕТИЛДІРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Қазіргі кездегі қылмыс сипаты бұрынғы жылдармен салыстырғанда едәуір күрделенді. Бұл оның трансұлттық сипатының күшеюіне байланысты. Себебі бүгінгі таңда әр елдің ұйымдасқан қылмыс жасайтын азаматтары тығыз байланыста. Бір елде қылмыс жасаған қылмыскерлер, басқа елде жасырынып, көбінесе орналасқан жерлерін ауыстырып, басқа мемлекеттердің қылмыстық ұйымдар тарапынан қолдау мен көмек алуға. Сондықтан, қылмысқа қарсы күресте мемлекеттердің өзара әрекеттесуі туралы мәселесі өзекті. Бұл өз кезегінде өзара құқықтық көмек көрсетуді және атап айтқанда ұстап беруге (экстрадициялауға) байланысты ұлттық заңнаманы жетілдіруді талап етеді. Біздің ойымызша, ҚР ҚПК қылмыстық сот өндірісін реттейтін негізгі құқықтық акт болып табылатынын есепке алатын болсақ, онда оның нормаларында жоғарыда көрсетілгендей кемшіліктер орын алмауы тиіс. Осыған орай, ҚР ҚПК-нің 587-бабының бірінші бөлігіндегі «қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы» деген сөзінен кейін келесідей құрамда: «айыпталушыларды іздестіру туралы Қазақстан Республикасындағы Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросының сұрау салуы негізінде» деген толықтырулар енгізілгені жөн деп санаймыз.

Осы баптың мағынасы бойынша қылмыстық қудалау ор-

гандары алдымен тұлғаны ұстайды, кейіннен ғана жеке басын, азаматтығын анықтай бастайды және «іздестірудің бастамасында жасалған әрекеттің мән-жайлары туралы ақпаратты талап етеді». Жеке басы дегенді түрде анықталмаған тұлғалар ұсталмайды.

Қылмыстық процестің мәні мен мазмұнына әртүрлі көзқарасты зерделеу кезінде студенттер қазіргі заманғы заңнама сотқа қылмыстық істерді қозғауға, яғни айыптау тарапының функцияларын өзіне алуға тыйым салғанын ескеру қажет. Осыған байланысты қылмыстық процесс ұғымының кейбір баяндалған анықтамалары тиісті түзетуге жатады. Қылмыстық процесс – қылмыстық іс жүргізу заңымен реттелген құқықтық қатынастар және оның барлық қатысушыларының өз өкілеттіктері шегінде анықтау органының, анықтау бөлімшесі бастығының, тергеушінің, тергеу органы басшысының, прокурордың және соттың қылмыс құрамы белгілері бар әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтау жөнінде іс жүзіндегі заңды негіздердің бар немесе жоқ екенін анықтау жөніндегі қызметі. Жалпы алғанда, қылмыстық процесс кінәлілерді әділ жазалау және кінәсіз адамдарды оңалту міндеттерін шешуге бағытталған.

Бұл міндеттерді шешу әдісі



А. СƏНДІБАЕВА,
Мағыстау облысының
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының жетекші
маманы

қылмыстық іс жүргізу нысаны, яғни қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көзделген рәсімдердің жиынтығы. Осыған байланысты қылмыстық процесс – тиісті заңдық нысан, оның шеңберінде қылмыс құрамы белгілері бар әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтың басталуы нақты және заңды негіздердің болуы немесе болмауы белгіленеді деп айтуға болады. Процесуалистердің басымы бөлігі қылмыстық процесте құқықтық реттеудің императивті әдісі, яғни билікке бағыну әдісі негізгі болып табылады деп санайды. Бұл жағдайда билік қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға тиесілі. Қылмыстық процестің өзге де барлық қатысушыларының қызметі бағынышты сипатқа ие. Бұл әдіс мәжбүрлі сипатқа ие және қылмыстық сот ісін жүргізуде құқықтың өзге іс жүргізу салаларына қарағанда қарапайым орын алатын диспозитивті әдіске қарама-қарсы.

тілдердің қолданылуының құқықтық негіздері, барлық тілдерге бірдей құрметпен қарау қамтамасыз етіліп, мемлекеттік қазақ тіліміздің мәртебесі белгіленген болатын. Еліміздің егемендік алуы мен аталған заңның қабылдануы мемлекеттік тіліміздің қолданылу аясының барынша кеңейуге дауға жол ашып берді.

Ғасырлар қойнауынан сондай анық, таза күйінде бізге жеткен, халқымыздың өткенінен хабар берер асыл мұрамыздың бірі, ынтымақ пен бірліктің жығылмас туы, тәуелсіздігіміздің айғағындай болған туған тілімізді «тоғауы тоқсан қызыл тіл» деп айтуы бекер емес. Қазақ тілінің мерейін асқақтатып, мәртебесін көтеру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарды жіпке тізгендей санамалап беруге болады.

БІТІМ

ӘДІЛ ТӨРЕЛІКТІҢ АЙТУЛЫ ТҰСЫ

ЕЛІМІЗДЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ҚОСЫМША ӘДІСІ РЕТІНДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «МЕДИАЦИЯ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫ ҚОЛДАНЫЛАДЫ.

Медиация тәсілі сот жүйесіндегі әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы болмақ, яғни тарапты қанағаттандыру негізінде жүргізілген келіссөз рәсімі.

Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі. Ұлы қазақ даласы билігінің белгілі дара тұлғалары – Төле, Қазыбек, Әйтеке билер бастаған дана билердің ел арасындағы кез келген дауды бітімгершілік жолымен шешіп, халқымыздағы бірлігін, ауызбіршілігін, тұтастығын сақтауға үлкен назар аударғаны баршымызға белгілі.

Медиацияны жүргізу кезінде медиация тараптары қол жеткізген дауды реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар қол қояды. Келісімде медиация тараптары, даудың нысаны, медиатор туралы деректер, сондай-ақ тараптар келіскен келісімнің шарттары, оларды орындау тәсілдері мен мерзімдері және оларды орындамаудың салдары қамтылуға тиіс. Дауды реттеу туралы келісімді медиация тараптары ерікті түрде осы келісімде көзделген тәртіппен және көрсетілген мерзімде орындауға тиіс. Азаматтық істі сотта қарағанға дейін жасалған дауды реттеу туралы келісім тараптардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған мәмілені білдіреді. Мұндай келісім орындалмаған жағдайда, келісімді бұзған медиация тарапы ҚР заңдарында көзделген тәртіппен жауапты болады. Азаматтық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген дауды реттеу туралы келісім дереу іс жүргізуінде азаматтық іс жатқан судьяға жіберіледі. Дауды реттеу туралы келісімді сот ҚР Азаматтық процестік кодексінде көзделген тәртіппен бекітеді. Бұл ретте төленген мемлекеттік баж ҚР Азаматтық процестік кодексінде көзделген тәртіппен төлеушіге қайтарылуға тиіс.

Сонымен қатар судьялар съезінде де дауларды сотқа дейін реттеу тетіктерін енгізу жөніндегі медиацияны қолдануды одан әрі кеңейтудің кезекті қадамы ретінде жеке санаттағы дауларды медиация тәртібімен сотқа дейін реттеу бойынша пилоттық жобаның іске қосылғаны бәрімізге белгілі.

Пилоттық азаматтық сот ісін жүргізуде даулардың жекеге санаттарын барынша азайту, дауларды сотқа дейін реттеуде тараптардың мүдделілігін арттыру және тұрақтылықты сақтауға, түрлі туындайтын дау-жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік беретін бітімгершілік келісімдер мен медиация институтын дамыту, насихаттауды және жобаны тиімді жүзеге асыруды мақсат етеді.

Қазіргі уақытта татуласу, бітімгершілік рәсімінің аясын кеңейтуге, халықты дауды сотқа дейін реттеуге мүдделі етуге, қоғамдағы шиеленістерді төмендетуге оң ықпал ететін аталмыш заң қарқынды жалғасуда.

А. АХМЕДИЯР,
Хромтау аудандық сотының
бас маманы

ТАРИХ ТА, ТАҒДЫР ДА – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ

Тарихтың қатпарлы беттерін парақтасақ, қаншама тар жол, тайғақ кешулерден аман өткен халықтың қиын тағдырына куә боламыз. Азаттықты аңсаған бабаларымыздың асқақ арманы орындалып, бүгінде тіліміз өз тұғырына қонды.

Осыдан тура 31 жыл бұрын, яғни 22 қыркүйек 1989 жылы қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болып «Тіл туралы» заң қабылданды. Кейін егемендік алған соң 1995 жылғы Ата Заңымыздың 7-бабында «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» болып айқындалды.

Әрі қарай – 1997 жылы «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заң қабылданып, республика аумағындағы

